

**Ақсу негізгі орта мектебінің “Біртұтас тәрбие” бағдарламасы аясында
“Шабыт” жобасы бойынша 2024-2025 оқу жылының 1
жартыжылдығында атқарылған жұмыс есебі.**

“Біртұтас тәрбие” бағдарламасын жүзеге асыру аясында және білім алушылардың шығармашылық әлеуетін ашу арқылы құндылықтарды дәріптеу мақсатында 2024 жылдың тамыз айында пед.кеңесте “Шабыт” жобасы құрылып, оның жетекшісі С.С.Абилкаирова (қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі) тағайындалып, мақсат-міндеттері мен күтілетін нәтижелері айқындалды. “Шабыт”-білім алушылардың шығармашылығын дамыту арқылы түйінді құндылықтарды насихаттауға бағытталған жоба.

2024-2025 оқу жылына арналған “Шабыт” жобасының жоспары жасалынып, 1 жартыжылдықта келесі жұмыстар атқарылды.

09.09.2024ж.-Тарих пәнінің мұғалімі Д.Тайборин 5-8 сынып оқушыларының қатысуымен Қаныш Сәтбаевтың 125 жылдығына арналған дөңгелек үстел өткізді. Мақсаты: Оқушыларды Қаныш Сәтбаевтың өмірі мен еңбектерін таныстыру. Ғылымға қосқан үлесін түсіндіру және ұлы тұлғаның өмірлік қағидаларын айқындау.

13.09.2024ж.-“Шабыт” жобасының жұмыс жоспарына сәйкес оқушыларға жоба туралы түсінік беріліп, мақсаты жұмыс жоспарымен таныстыру жұмыстары жүргізілді.

27.09.2024ж.-1-9 сыныптарда “Ұлттық мәдениет” суреттер көрмесі ұйымдастырылды. Мақсаты: оқушылардың шығармашылық әлеуетін ашу арқылы ұлттық құндылықтарға дәріптеу.

01.10.2024ж. -жоба аясында 1-9 сыныптардың қатысуымен “Қарттарым-асыл казынам” атты мерекелік концерт өткізілді. Мақсаты: 1-ші қазан “Қарттар күні” туралы түсінік бере отырып, оқушылардың бойына халқымыздың қадір-қасиетін сіңіру, үлкенді сыйлай білуге, өз ата-бабасын ұмытпай есте сақтауға және аталы сөзден ғибрат алуға тәрбиелеу.

03.10.2024ж.- Ұстаздар күні мерекесіне орай республикалық “Даналық ұстаздан” челленджісін 7-9 сыныптар ұйымдастырды. Оқушылар шара барысында ұстаздарына арнау өлеңдерін жолдады. Мақсаты: білім алушылардың ұстазға деген құрметі мен сүйіспеншіліктерін арттыруға еңбегін бағалауға үн қосу.

11.10.2024ж.- Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі С.Абилкаирова мен музыка пәні мұғалімі А.Қыдырбаева 7-9 сыныптардың қатысуымен “Ақындар айтысы” интеграциялық іс-шара ұйымдастырды. Мақсаты: айтыс туралы ойларын тереңдету, оқушыларды ізденімпаздыққа, шығармашылыққа баулу. Сабак барысында оқушылар айтыстың қазақ халқы өнерінде алатын орнын анықтап, айтыс түрлерін ажыратып, айтыстың керемет мысалдарын тамашалап, өздері де суырып-салма сөз жарыстырып көрді.

14.10.2024ж.-Рақымжан Қошқарбаевтың 100 жылдық мерейтойына орай Тарих пәнінің мұғалімі Д.Тайборин 5-6 оқушыларына Қазақ халқының қаһарман ұлы Рақымжан Қошқарбаевтың өмірі жолынан мәлімет беру, ерліктерін насихаттау. Оқушыларды шығармашылыққа, ізденімпаздыққа баулу, елін, жерін қорғай білуге ерлікке, ұлтжандылыққа тәрбиелеу.

18.10.2024ж- Күз мерекесіне орай “Күз ханшайымы мен ханзадасы-2024” өнер сайысы өткізілді. Шара барысында оқушылар қолөнер шеберлігін, мәнерлеп оқу, ән айту, би билеу дағдыларын, креативті ой-сана іскерлігін көрсете алды. Мақсаты: Оқушылардың тапқырлығын, шеберлігін анықтау, өнерге деген қызығушылығын артыру. Ұйымшылдыққа, өз ойларын ортаға сала білуге тәрбиелеу.

24.10.2024ж- Республика күні мерекесі қарсаңында “Шабыт” жобасын жүзеге асыру мақсатымен республикалық бірыңғай ҚР Әнұранын орындау челленджісіне қатысып, салтанатты жиын өткізілді. Мақсаты: Білім алушылармен ұстаздар арасында патриотизм мен азаматтық сезімін қалыптастыруға ықпал ету.

04.11.2024ж- “Әншуак” балалар әндері фестивалі аясында 1-4 сынып оқушылары арасынан құрылған “Айгөлек” тобының орындауында “Қазақстан” әнін орындап, мектептің әлеуметтік паракшасына жарияланды. Мақсаты: оқушылардың шығармашылық қырларын ашу, ұлттық құндылықтарға дәріптеу, сахнада өнер көрсету дағдыларын қалыптастыру.

13.12.2024ж-7-9 сынып оқушылары “Ұлттық көрме” ұйымдастырды. Оқушылар өз қолдарымен жасаған бұйымдарынан бұрыш жасады. Мақсаты: Оқушыны шығармашылық жұмысқа тарту арқылы танымдық қабілеттерін, қызығушылығын арттыру.

Жетекшісі : С.С. Абилкаирова